

2021-2023 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының аудандық бюджетін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 57/1 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 31 желтоқсанда № 6878 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9-бабы 2-тармағына, 75-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2021-2023 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының аудандық бюджеті көрсетілген шешімге тиісінше 1, 2, 3- қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 6 713 439,3 мың теңге:
 - салықтық түсімдер – 531 968,5 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер – 12 926 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 8 600 мың теңге;
 - трансферттер түсімі – 6 159 944,8 мың теңге;
- 2) шығындар – 6 821 770,8 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 47 910,7 мың теңге:
 - бюджеттік кредиттер – 66 954,7 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 19 044 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:
 - қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;
 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 156 242,2 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 156 242,2 мың теңге:
 - қарыздар түсімі – 66 954,7 мың теңге;
 - қарыздарды өтеу – 19 044 мың теңге;
 - бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 108 331,5 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 06.09.2021 № 7/2 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен; 24.11.2021 № 9/1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. 2021 жылға арналған аудандық бюджеттің кірістері Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексіне сәйкес келесі салықтық түсімдер есебінен құрастырылады деп белгіленсін:

облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша әлеуметтік салыққа;

ауылдық округтің аумағындағы осы салықты салу объектілері бойынша жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салықты қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салыққа;

бірыңғай жер салығына;

бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынына акциздерге;

жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыға;

коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін қоспағанда, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алымына;

көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алымына;

республикалық бюджет есебіне жазылатын консулдық алымнан және мемлекеттік баждардан басқа, мемлекеттік бажға.

3. Аудандық бюджет кірістері келесі салықтық емес түсімдер есебінен құрастырылады деп белгіленсін:

коммуналдық меншіктен түсетін кірістерден:

аудан әкімдігінің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдерінен;

ауданның коммуналдық меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтерден;

ауданның коммуналдық меншігіндегі заңды тұлғаларға қатысу үлестеріне кірістерден;

ауылдық округ әкімдерінің басқаруындағы, ауданның коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда, ауданның коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістерден;

аудандық бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылардан;

ауданның коммуналдық меншігінен түсетін басқа да кірістерден;

аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдерден;

аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдерінен;

аудандық бюджетке түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

4. Аудандық бюджеттің кірістері негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер есебінен құрастырылады деп белгіленсін:

аудандық бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

жер учаскелерін жалға беру құқығын сатқаны үшін төлемақылар.

5. Аудандық бюджеттің түсімдері:

аудандық бюджеттен берілген кредиттерді өтеуден, ауданның коммуналдық меншігіндегі мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, ауданның жергілікті атқарушы органының қарыздарын өтеуден түсетін түсімдер есебінен құрастырылады деп белгіленсін.

6. Аудандық бюджеттен 2021 жылға арналған ауылдық округ бюджеттеріне берілетін бюджеттік субвенциялар 244 145 мың теңге сомасында белгіленсін:

Архангелка ауылдық округіне – 23 207 мың теңге;

Благовещенка ауылдық округіне – 17 954 мың теңге;

Жамбыл ауылдық округіне – 17 337 мың теңге;

Казанка ауылдық округіне – 28 936 мың теңге;

Қайранкөл ауылдық округіне – 17 939 мың теңге;

Кладбинка ауылдық округіне – 22 671 мың теңге;

Майбалық ауылдық округіне – 33 474 мың теңге;

Мирный ауылдық округіне – 12 168 мың теңге;

Озерный ауылдық округіне – 12 374 мың теңге;

Первомай ауылдық округіне – 14 520 мың теңге;

Преснов ауылдық округіне – 18 160 мың теңге;

Пресноредут ауылдық округіне – 14 306 мың теңге;

Троицкий ауылдық округіне – 11 099 мың теңге.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 06.09.2021 № 7/2 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен; 24.11.2021 № 9/1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

7. 2021 жылға арналған ауданның жергілікті атқарушы органының қоры 0 теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 06.09.2021 № 7/2 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен; 24.11.2021 № 9/1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

8. 2021 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер ескерілсін:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы № 746 қаулысымен бекітілген "Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021

жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жұмыс күші артық өңірлерден қоныс аударушылар үшін тұрғын үйді сатып алуға;

2) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге;

3) кепілдендірілген әлеуметтік пакетке;

4) Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға;

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы № 746 қаулысымен бекітілген "Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде еңбек нарығын дамытуға;

6) мемлекеттік халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін жұмыскерлердің жалақысына қосымша ақылар белгілеуге;

7) мәдениет ұйымдарының және архив мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына мәдениет ұйымдарындағы және архив мекемелеріндегі ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықақысына қосымша ақылар белгілеуге.

Республикалық бюджеттен көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2021-2023 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының шешімін іске асыру туралы қаулысымен айқындалады.

9. 2021 жылға арналған аудандық бюджетте нысаналы даму трансферттерінің түсімдері ескерілсін, оның ішінде:

1) сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға;

2) "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамытуға;

3) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 22.04.2021 № 4/1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

4) Жаңажол ауылының сумен жабдықтау жүйесінің құрылысына жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу.

Көрсетілген нысаналы даму трансферттерін бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2021-2023 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының шешімін іске асыру туралы қаулысымен айқындалады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерістер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 22.04.2021 № 4/1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

10. 2021 жылға арналған аудандық бюджетте ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру,

мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын жүзеге асыру үшін республикалық бюджеттен тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін бюджеттік кредиттер 66 954,7 мың теңге сомасында ескерілсін.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 24.11.2021 № 9/1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

10-1. Алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 24.11.2021 № 9/1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

11. 2021 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен нысаналы трансферттер ескерілсін:

- 1) мәдени-сауықтыру орталықтарын жарақтандыруға;
- 2) ауылдық округтерде автомобиль жолдарын орташа жөндеуге;
- 3) сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуіне;

4) Алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 24.11.2021 № 9/1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.;

- 5) елді мекендердегі көшелерді жарықтандыруға;

6) Пресновка ауылының орталықтандырылған кітапхана жүйесінің ғимаратын күрделі жөндеуге;

7) ауылдық кітапханаларды интернет желісіне қосуға, телефондандыруға, интернет үшін компьютерлер сатып алуға;

- 8) контейнерлер сатып алуға;

- 9) "9 мамыр – Жеңіс күні" мерекелік күніне біржолғы әлеуметтік көмек төлеуге;

10) жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерінің еңбек ақыларын ұлғайтуға.

11) "Петровка-Жаңажол-Бауман станциясы" КТ-18 автожолының учаскесін орташа жөндеуге (0-ден 11 километрге дейін);

12) "Буденное ауылына кіреберіс" КТГА-113 аудандық маңызы бар автожолын орташа жөндеуге (0-ден 8 километрге дейін);

13) Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға;

- 14) мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру.

Облыстық бюджеттен көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2021-2023 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының шешімін іске асыру туралы қаулысымен айқындалады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 06.09.2021 № 7/2 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен; өзгерістер енгізілді - 24.11.2021 № 9/1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

12. 2021 жылға арналған аудандық бюджетте ауылдық округтер бюджеттеріне нысаналы трансферттер ескерілсін.

Көрсетілген нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудан әкімдігінің 2021-2023 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының шешімін іске асыру туралы қаулысымен айқындалады.

13. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау қарастырылсын.

13-1. Аудандық бюджеттің шығыстары 2021 жылғы 1 қаңтарда қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтары және 2020 жылы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) республикалық және облыстық бюджеттердің нысаналы трансферттерін қайтару есебінен осы шешімнің 4 қосымшасына сәйкес қарастырылсын.

Ескерту. Шешім 13-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 22.04.2021 № 4/1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

13-2. Аудандық бюджет шығыстарында 2020 жылы облыстық бюджеттен дамуға бөлінген пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомаларын олардың нысаналы мақсатын сақтай отырып, 2021 жылы пайдалану (толық пайдалану) осы шешімнің 5 қосымшасына сәйкес қарастырылсын.

Ескерту. Шешім 13-2-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 22.04.2021 № 4/1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

13-3. Аудандық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер ескерілсін:

1) мемлекеттік ұйымдар: стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелер, үйде қызмет көрсету, уақытша болу ұйымдары, халықты жұмыспен қамту орталықтары қызметкерлерінің жалақысын арттыруға;

2) Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Пресновка ауылының кентішілік жолдарын орташа жөндеуге;

3) Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының "Майбалық ауылына кіреберіс" КТГА-104 аудандық маңызы бар автожолын орташа жөндеуге;

4) Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының "Петровка-Жаңажол-Бауман станциясы" КТ-18 автожолының учаскесін орташа жөндеуге;

5) Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Пресновка ауылында орталықтандырылған кітапхана жүйесінің ғимаратын күрделі жөндеуге.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2021-2023 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының шешімін іске асыру туралы қаулысымен айқындалады.

Ескерту. Шешім 13-3-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 09.07.2021 № 6-1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 06.09.2021 № 7/2 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен; жаңа редакцияда - 24.11.2021 № 9/1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

14. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл ауданы мәслихаты
сессиясының төрағасы

В. Волков

Жамбыл ауданы мәслихатының
хатшысы

Б. Мусабаев

Солтүстік Қазақстан облысы
Жамбыл ауданы мәслихатының
2020 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 57/1 шешіміне
1 қосымша

2021 жылға арналған Жамбыл ауданының бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 06.09.2021 № 7/2 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен; 24.11.2021 № 9/1 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Са на ты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	6 713 439,3
1			Салықтық түсімдер	531 968,5
	03		Әлеуметтік салық	355 820,5
		1	Әлеуметтік салық	355 820,5
	04		Меншікке салынатын салықтар	74 979
		1	Мүлікке салынатын салықтар	74 574
		5	Бірыңғай жер салығы	405
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	98 609
		2	Акциздер	1 812
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	89 635

		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	7 162
08			Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	2 560
		1	Мемлекеттік баж	2 560
2			Салықтық емес түсімдер	12 926
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	3 912
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3 027
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	17
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	868
03			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	180
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	180
04			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	534
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	534
06			Басқа да салықтық емес түсімдер	8 300
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	8 300
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	8 600
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1 780
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1 780
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	6 820
		1	Жерді сату	6 820
4			Трансферттер түсімі	6 159 944,8
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	1,8
		3	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтардың бюджеттерінен трансферттер	1,8
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	6 159 943
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	6 159 943

Функциональный топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
1	2	3	4	5
			2) Шығындар	6 821 770,8
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1 201 989,7
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	30 329
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	29 321
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 008
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	286 354
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	169 159
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	24 796
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	92 399
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	68 871
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	977
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	661
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттың қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	67 233
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	816 435,7
		001	Жергілікті деңгейде сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	76 649
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	26 310
		040	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	4 250
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	709 226,7
02			Қорғаныс	15 844
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	15 844
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	6 569

		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	5 644
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	3 631
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	555 612,6
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	555 612,6
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	49 255
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	184 050,8
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	2 340
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	2 1 573,8
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	854
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	141 742
		017	Оналтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді протездік-ортопедиялық көмек, сурдотехникалық құралдар, тифлотехникалық құралдар, санаторий-курорттық емделу, міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, арнаулы жүріп-тұру құралдары, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтері мен қамтамасыз ету	33 382
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	62 921
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	58 543
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	606
		021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	345
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	494 552,1

495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	494 552,1
	008	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	47 789
	098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	157 000
	013	Коммуналдық шаруашылықты дамыту	5 780
	016	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	3 6 928,1
	026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу желілерін пайдалануды ұйымдастыру	18 705
	058	Ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	228 350
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	251 670,9
495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	3 044,9
	036	Мәдениет объектілерін дамыту	3 044,9
819		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі	100 866
	009	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	100 866
495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	3 000
	021	Спорт объектілерін дамыту	3 000
819		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі	144 760
	014	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	2 616
	015	Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	5 992
	005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	12 450
	007	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	53 481
	008	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	628
	001	Ақпаратты, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	44 359
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	337

		004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	11 539
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	7 921
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	5 437
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	8 0 163,8
	811		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылық, кәсіпкерлік және ветеринария бөлімі	37 593
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	37 593
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	20 051
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	19 435
		003	Елді мекендерді жер-шаруашылық орналастыру	616
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	2 2 519,8
		099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	2 2 519,8
12			Көлік және коммуникация	801 131
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	801 131
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	47 101
		034	Көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру	744 845
		045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	5 000
		039	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	4 185
13			Басқалар	181 920,7
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	129 288,7
		079	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту	129 288,7
	819		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі	52 632

		052	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	52 632	
14			Борышқа қызмет көрсету	642,5	
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	642,5	
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	642,5	
15			Трансферттер	3 238 243,5	
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	3 238 243,5	
		006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	1 4 168,5	
		024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	2 979 930	
		038	Субвенциялар	244 145	
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	4 7 910,7	
			Бюджеттік кредиттер	6 6 954,7	
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	6 6 954,7	
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	6 6 954,7	
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	6 6 954,7	
Санаты	Сыныбы		Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
5				Бюджеттік кредиттерді өтеу	19 044
	01			Бюджеттік кредиттерді өтеу	19 044
			1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	19 044
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)

				теңге)
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
13			Басқалар	0
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	0
		065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	0

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)	
6			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0	
	01		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0	
		1	Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	0	
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	-156 242,2	
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	156 242,2	
7			Қарыздар түсімдері	66 954,7	
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	66 954,7	
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	66 954,7	
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
16				Қарыздарды өтеу	19 044
	459			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	19 044

			005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	19 044
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)	
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	108 331,5	
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	108 331,5	
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	108 331,5	

шешіміне 2 қосымша

2022 жылға арналған Жамбыл ауданының бюджеті

Са на ты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	4 435 012
1			Салықтық түсімдер	444 518
	03		Әлеуметтік салық	288 649
		1	Әлеуметтік салық	288 649
	04		Меншікке салынатын салықтар	62 728
		1	Мүлікке салынатын салықтар	62 568
		5	Бірыңғай жер салығы	160

	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	90 312
		2	Акциздер	1 939
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	81 532
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	6 841
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	2 829
		1	Мемлекеттік баж	2 829
2			Салықтық емес түсімдер	7 780
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	3 499
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	2 966
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	408
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	125
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	731
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	731
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	3 550
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	3 550
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	8 600
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1 780
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1 780
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	6 820
		1	Жерді сату	6 820
4			Трансферттер түсімі	3 974 114
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3 974 114
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	3 974 114
Функц ионал дық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
1	2	3	4	5
			2) Шығындар	4 435 012

01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	308 297
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	25 659
